

"Ақтөбе облысы бойынша үй жануарларын ұстau және серуендетудің қағидаларын бекіту туралы" Ақтөбе облыстық мәслихатының 2022 жылғы 17 тамыздағы № 145 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2023 жылғы 13 желтоқсандағы № 87 шешімі

Ақтөбе облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. "Ақтөбе облысы бойынша үй жануарларын ұстau және серуендетудің қағидаларын бекіту туралы" 2022 жылғы 17 тамыздағы № 145 шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Ақтөбе облысы бойынша үй жануарларын күтіп-бағу мен серуендетудің үлгілік қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар мен терминдер пайдаланылады:

1) жануардың иесі – жануар меншік құқығымен немесе өзгедей заттық құқықпен тиесілі болатын жеке немесе заңды тұлға;

2) жауапты адам – жануар иесінің осы Заңда белгіленген құқықтары мен міндеттерін жануар иесінің жазбаша тапсырмасы бойынша өзіне алатын адам;

3) иттерге арналған үйрету алаңы – иттерді үйрету үшін арнайы бөлінген, жаттығуға арналған арнаулы құралдармен жабдықталған қоршалған аумақ;

4) үй жануарлары (компаньон жануарлар) (бұдан әрі – үй жануарлары) – қай түрге жататынына қарамастан, адам эстетикалық қажеттіліктері мен қарым-қатынас қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін дәстүрлі түрде асырайтын және өсіретін жануарлар;

5) үй жануарларын серуендету – жануар иесінің және (немесе) жауапты адамның жануарды ұстau орнының шегінен тыс жерге шығаруды көздейтін және жануардың қозғалыс белсенділігіне, табиғи қажеттіліктерін атқаруға деген физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған әрекеттері;

6) үй жануарларының (иттердің) еркін жүргi – жануардың тұмылдырықсыз және қарғыбаусыз ұстau иесінің қатысуымен үй-жайынан немесе аумағынан тыс жерде арнайы бөлінген аумақтарда, иттерді серуендетуге арналған аланда немесе жануардың табиғи дene және физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін үйрету алаңында болуы;

7) үй жануарларының өз бетінше серуендеуі – үй жануарларының ұстau орнынан тыс жерде жануар иесінсіз және (немесе) жауапты адамсыз өз бетінше болуы;

8) ұстau орны – жануардың иесі және (немесе) жауапты адам пайдаланатын, жануар үсталатын ғимараттар, құрылыштар, құрылышжайлар, үй-жайлар немесе жер участекелері. ";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Үй жануарының иесі және жауапты адамы, адамдар мен жануарлардың денсаулығына қауіп төндіруге, айналадағыларға зиян келтірге жол бермейтін жағдайларды қамтамасыз етеді.";

мынадай мазмұндағы 8-1-тармақпен толықтырылсын:

"8-1. Үй жануарларының иесі немесе жауапты адамы осы аумаққа кіреберісте жануар иесінің ерекше жауапкершілігін талап ететін үй жануарының бар екендігі туралы ескерту жазбаны жүзеге асырады.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Қонақүйге әкімшілікпен келісім бойынша иесіне итпен немесе мысықпен қоныстануға рұқсат етіледі.";

мынадай мазмұндағы 11-1-тармақпен толықтырылсын:

"11-1. Жануардан бас тарту оған басқа адам меншік құқығын иленгенге дейін иесінің үй жануарына қатысты міндеттерін тоқтатуға әкеп соқпайды.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Жануар иесінің ерекше жауапкершілігін талап ететін үй жануары жануардың иесіне және (немесе) жауапты адамға меншік құқығымен немесе өзге де занды негізде тиесілі қоршалған аумақта болатын жағдайларды қоспағанда, серуендету орнына қарамастан, жануар иесінің ерекше жауапкершілігін талап ететін үй жануарларын тұмылдырықсыз және 1,5 (бір жарым) метрден асатын қарғыбаусыз серуендетуге рұқсат етілмейді.

Үй жануарларын серуендету кезінде иелері мен жауапты адамдар мынадай талаптарды сақтайды (ерекше жауапкершілікті талап ететін үй жануарларын қоспағанда):

1) ит қоғамдық орындарда 2 (екі) метрден аспайтын қарғыбауда болуы керек;

2) тұмылдырық итке оны тасымалдау кезінде, адамдар көп жиналатын жерде, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар, ұйымдар, мекемелер белгілеген орындарда кигізіледі;

3) кез келген тұқымды мысықтар мен олардың буданы тұқымы қеуделікпен және мойын жіппен жүреді;

4) магистральдар маңындағы көшелер арқылы өту кезінде жол-көлік оқиғаларын және жолдың жүріс бөлігінде оның өлуін болдырмау үшін үй жануарлары 1,5 (бір жарым) метрден аспайтын қысқа қарғыбауға алынады;

5) иесі итті иесінің осы ғимараттың ішінде болған уақытына ғимараттың жанында ерікті түрде шешілуін болдырмайтын байламда және 1,5 (бір жарым) метрден аспайтын қысқа қарғыбаумен тұмылдырықта қалдыра алады;

6) иттерді серуendetуге тыйым салынған жерлерде ит иесі немесе жауапты адам айналасындағыларға қауіп төндірмей, тұмылдырықпен және 1,5 (бір жарым) метрден аспайтын қысқа қарғыбауда итпен аумақты кесіп өтуіне болады;

7) иттерді еркін серуendetуге арнайы бөлінген аумақтарда, аланда иттерді еркін серуendetуге жол беріледі.

Иттерді серуendetуге тыйым салынатын орындар тиісті белгімен белгіленуге тиіс.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Елді мекен аумағында мыналарға:

1) иттердің еркін жүруі;

2) өздерінің мінез-құлқын ұстауға қауқарсыз, оның ішінде алкагольден, есірткіден, уытқұмарлықтан мас күйдегі адамдарға үй жануарларын серуendetуге және олармен қоғамдық орындарда және көліктегі бірге болуға;

3) әкімшілікпен келісім бойынша спорттық және өзге де іс-шаралар ұйымдарын қоспағанда мектепке дейінгі балалар, білім беру, дене шынықтыру-спорт және медициналық, емдеу ұйымдарының, мәдениет ұйымдарының, балалар және спорттық ойын алаңдарының аумақтарында және серуендеуге арналмаған тыйым салу белгілері белгіленген аумақтарда үй жануарларын серуendetуге;

4) адамдарға шомылуға рұқсат етілген аумақта, тоғандарда, фонтандар мен су қабылдағыштарда үй жануарларын шомылдыруға және жуындыруға рұқсат етілмейді."
;

мынадай мазмұндағы 17-1-тармақпен толықтырылсын:

"17-1. Коммерциялық, коммерциялық емес, діни ұйымдардың, балалар, медициналық немесе білім беру ұйымдарының аумағында үй жануарларының болуын және оларды күтіп-ұстауды осы ұйымдар мен мекемелердің меншік иесі (әкімшілік) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес айқындайды".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихаттың төрағасы

Г. СҮЙІНТАЕВА